

Алғы сөз

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқып, үйрену – Қазақстанның әрбір азаматының парызы және оны мемлекет аймағында тұратын барлық халық меңгеруі қажет.

Сондықтан жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, рухани-мәдени өресі кемел, тілдік күзiреттілігі жоғары маман даярлауда ЖОО-да кәсіби қазақ тілінің жүйелі оқытылуы – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мемлекеттік маңызы бар бағыттардың бірі. Осы ретте қазақ тілін заманауи технологияларды қолданып және үздік әдіс-тәсілдер негізінде мамандыққа негіздеп, кәсіби тұрғыда оқыту – уақыт талабы.

Көптілді тұлғаның кәсіби қазақ тілін меңгеруі оның біліктілік сапасын көтеріп қана қоймай, ғылым тілін, ресми, іскерлік қарым-қатынас тілін дамытып, толыққанды қызмет етуіне, сонымен байланысты қоғамның лингвистикалық интеллектуалдық әлеуетін арттыруға өз үлесін қосады. Жоғары оқу орындарында кәсіби қазақ тілі курсы оқытудың мазмұны мен оқыту технологияларын нақтылауды, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін болашақ маманның кәсіби біліктілігін арттырумен байланыстыруды көздейді. Сондықтан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Оқу құралы кәсіби қазақ тілі пәні негізінде заң және қаржы мамандықтары бойынша әзірленген. Оқу құралында өзекті тақырыптарды қамтыған оқылым мәтіндері, кәсіби тілдік дағдыларды дамытуға негіз болатын сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тілдік материалдар, терминдер жүйеленіп берілген.

Оқу құралында алынған оқылым мен тапсырмалар, әдіс-тәсілдер инновациялық технология негізінде әртүрлі

формада жұмыс жүргізу барысында қазақ тілін кәсіби негізде меңгеруде жаңа мүмкіндіктер береді, сонымен қатар аталған еңбек тілдік дағдыларды қалыптастыруда, тіл мәдениетінің деңгейін кәсіби тұрғыда арттыруда пайдалы, тіл үйрену үшін тиімді және аса қажет.

Тақырып: Тіл мәртебесі. Тіл туралы заң. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

Оқылым. Мәтінді мәнерлеп оқып шығыңыз, мәтінге тақырып қойыңыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін 1989 жылы 22-қыркүйекте алды. Ал 1997 жылы 11-шілдеде жаңа заң өңделіп, толықтырылып қабылданды. Жаңа Заң VI тараудан тұрады. Әр тарауда бірнеше бап бар. I тарауда Жалпы ережелер бекітілген. Осы тараудың 4-ші бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» деп көрсетілген.

Мемлекеттік тіл - мемлекетті басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақ тілін меңгеру - Қазақстанда тұратын әр азаматтың парызы. ҚР-ның барлық азаматтары қазақ тілін дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға, мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруге жағдай жасауға міндетті.

1. Тапсырма: Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін қашан алды?
2. Тіл туралы жаңа Заң қашан қабылданды?
3. Жаңа Заң неше тараудан тұрады?
4. 4-ші баптың мазмұнын айтыңыз.
3. Сұқбатты өз сөзіңізбен толықтырыңыз:
- Сәлем, достым.